

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ

2023 жылдың 30 қазан - 3 қараша аралығында Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті Ветеринария факультеті биологиялық қауіпсіздік кафедрасының базасында Атырау облысының ветеринариялық станцияларының басшылары мен мамандарына “Паразитология және инвазиялық аурулар” тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсы өткізілді.



Турганбаева Г.Е., Усманғалиева С.С.
курсқа қатысушылармен



Қан паразиттерін анықтау мақсатында жүргізілген зертханалық сабақ



Турганбаева Г.Е., “Ауылшаруашылық малдар мен құстардың инвазиялық аурулары” тақырыбында дәріс оқуда

Кафедра оқытушылары биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Еспанов Ж.У., ветеринария ғылымдарының кандидаттары Турганбаева Г.Е., Усманғалиева С.С. және ветеринария ғылымдарының магистрі Бредихина Е.К курс тыңдаушыларына жануарлар мен адамдарға ортақ табиғи ошақты ауруларын, ауыл шаруашылығы жануарларының инвазиялық ауруларын балау, емдеу және алдын алу мәселелері жөнінде қазіргі заманғы ветеринария ғылымының жетістіктерін қамтыған дәріс оқып, практикалық-зертханалық сабақтар жүргізді. Сабақтың әр бөлімінен кейін пікірталастар, пікір алмасулар болды.

Курс мамандандырылған кабинеттер мен зертханаларда инновациялық аспаптар және заманауи зертханалық жабдықтарды пайдалана отырып, жүргізілді.

Білім беру стандарттары мен талаптарына сәйкес өткізілген курс соңында тыңдаушылар емтихан тапсырып, сертификат алды.